



ПРЕЗИДЕНТ

2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЕЛ БЮДЖЕТІ БЕКІТІЛДІ

Мемлекет басшысы «2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Заң еліміздің 2028 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы негізінде әзірленді.

Республикалық бюджеттің басым бөлігі мемлекеттік және әлеуметтік міндеттемелерді толық іске асыруға, өңірлерді дамытуға бағытталған.

Индекстелген зейнетақы мен жәрдемақы төлемдеріне 5,4 трлн теңге қарастырылған.

Отбасыларды қолдау үшін бала күтімі мерзімі 1,5 жылға дейін ұзартылды. Бұл мақсаттарға келесі жылға 93,3 млрд теңге жоспарланған.

Денсаулық сақтау жүйесін дамытуға, оның ішінде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыруға, 2,4 трлн теңге бағытталды. Білім беру саласын дамытуға, оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыруға, 1,7 трлн теңге жұмсалды.

Өңірлерді дамытуға республикалық бюджеттен 7 трлн теңгеден артық қаражат қарастырылғанын мәлімдеді. Бұл – жалпы бюджет шығыстарының шамамен 30%.

Экономикалық нақты секторын дамытуға 2,9 трлн теңге бағытталды. Оның ішінде кәсіпкерлікті қолдауға 1,2 трлн теңге бөлінді. Күш құрылымдарының 2024 жылға арналған шығыстары 2,6 трлн теңгені құрайды.

Айта кетсек, мұның алдында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024 – 2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

ПРЕЗИДЕНТ ЕРІКТІЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Халықаралық еріктілер күнімен құттықтады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

5 желтоқсанда Ақорданың баспасөз қызметінің хабарлауына, Мемлекет басшысы X (Twitter) әлеуметтік желісіндегі парақшасында қазақстандық еріктілерге үндеу жолдады.

«Бүгін – Халықаралық волонтер күні. Біз өзгеге қол ұшын беретін жандарды әрдайым құрметтейміз. Еріктілер мейірімділік пен сүйіспеншіліктің, тілектестік пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келеді. «Адал азамат» тұжырымдамасының тірегі – осы мызғымас құндылықтар. Қоғамға пайдалы іс-шараларға атсалысатын, қайырымдылық жобаларын жүзеге асыратын және мұқташ адамдарға қамқорлық танытатын барша азаматтарға алғыс айтамын. Сіздердің жасампаздыққа толы қызметтеріңіз – шынайы отаншылдықтың көрінісі. Мемлекет волонтерлерге қолдау көрсете береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДА КӨШБАСШЫ АЙМАҚ

4 желтоқсан күні Орталық коммуникациялар қызметінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов өңірді әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады. Журналистердің облыс тыныс-тіршілігіне қатысты қойған сұрақтарына жауап берді.



Биыл Солтүстік Қазақстан облысының бюджеті 420 млрд теңгеден 499 млрд теңгеге дейін өсіпті. Ауыл шаруашылығында туындаған қиыншылықтарға қарамастан, солтүстікқазақстандық диқандар 3,7 млн тонна астық жинап, орташа өнімділік 11,1 ц/га құраған. Бұл – аграрлы аймақтар арасындағы ең жоғары көрсеткіш.

«Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында біздің жұмысымыз – облыс экономикасының даму қарқынын қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындалған күннен бастап, барлық аудан мен кәсіпорынды, әлеуметтік нысанды аралап, экономиканың негізгі салаларын және өңірдің өзекті мәселелерімен таныстым» деген Ғ.Нұрмұхамбетов биылғы жылдың 10 айында жеткен жетістіктері мен кейбір қиындықтарға тоқталып өтті.

Оның айтуынша, 10 айдың қорытындысы бойынша экономика тұрақты дамып келеді. Ауыл шаруашылығы бойынша ойдағы көрсеткіш шамалы төмендеп, нақты көлемі 84,9 пайызды құраған. Ал қалған салаларда оң динамика сақталыпты. Атап айтқанда, өнеркәсіпте өсім – 113%, құрылыста – 122%, тұрғын үйді пайдалануға беруде – 112%, инвестиция тартуда 120,3%-ға жеткен. Бұйырса Қызылжар өңірі жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіпте – 105%, құрылыста – 102%, инвестиция – 105%, тұрғын үйді пайдалануға беруде 102% өсім күтіп отыр. Биылғы ауа райы ақақтан аграрлық сектордың өзінде 77,4% деңгейде көрінуге үміттері бар. Бұған қоса 10 400 жұмыссыз жаңа жаңа тұрақты жұмыс орнын ашатындарына сенімді.

«Биылғы жылы облыс бюджеті 420 млрд теңгеден 499 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Былтырғы жылмен салыстырғанда облыстың өз кірістерінің өсуі 27,6 пайызды құрады (2022 жылы – 87 млрд теңге, 2023 жылы – 111 млрд теңге). Қаржының негізгі көлемі әлеуметтік нысандарды салу, жолдарды жөндеу, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға және сумен жабдықтауға бағытталды. Жергілікті өзін-өзі басқару дербес бюджетке көшкендіктен ауылдардың қаржылық және экономикалық мүмкіндіктері кеңейді. Сонымен қатар бюджеттің 4-деңгейін енгізу, халықтың сұранысын ескере отырып, бюджетті тиімді қосарлауға және пайдалануға мүмкіндік берді. Бұл адамдардың өмір сүру жағдайының және

елді мекендердің келбетінің жақсаруына ықпал етеді», деді облыс әкімі.

Осы жылға арналған 4-деңгейдегі бюджет көлемі 21 млрд теңгені құрады. Салық түсімдерінің көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 2 есеге ұлғайып, 2,4 млрд теңгеге жетті. Ауыл шаруашылығы биылғы қиындықтарға бойынша жалпы өнім көлемі 775 млрд теңгені құраған. Биыл солтүстікқазақстандық диқандар егін жинау науқанын ауа райының қолайсыз жағдайында жүргізгені баршаға аян. Бұл астықтың сапасы мен көлеміне айтарлықтай әсер еткені тағы мәлім.

«Соған қарамастан облыс диқандары гектарынан 11,1 центнер өнім алды. Бұл басқа аграрлық өңірлер арасында ең жоғарғы көрсеткіш екенін айттық. Нәтижесінде, егін жинау алқабы ең аз болғанымен, 3,7 млн тонна астық жиналды. Майлы дақылдар 685 мың гектарға себіліп, орташа өнімділігі 6,7 центнерден түсіп, жалпы 458 мың тонна өнім алдық. Негізгі жақсы өнім алу үшін барлық қажетті аграрлық іс-шара кешені жүргізілді. Ауыл тұрғындарына жыл бойы жұмыс пен табыс әкелетін мал шаруашылығы да ерекше назарда болды. Он айда өт өндірісі 2%-ға (92,2 мың тонна), сүт өндірісі 3,4%-ға өсті (603 мың тонна), 589 миллион жұмыртқа өндірілді (96,6%). Облыстағы барлық 647,8 мың тонна сүт өндіріледі, бұл республикалық көлемнің 10%-ын құрайды. Мемлекет басшысы халықты қолжетімді және сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуді басты басымдық ретінде белгіледі. Сондықтан біздің басты міндетіміз – еңбек өнімділігін ұлғайту және ауыл шаруашылығын жаңғырту», деді өңір басшысы.

Бұл мақсатқа инвестиция тарту арқылы қол жеткізетіндерін айтқан ол, Республика бойынша ауыл шаруашылығына ең көп инвестиция тартқан Солтүстік Қазақстан облысы екенін қадап айтты. «Президенттің ет, сүт және астықты түбегейлі өңдеу, жылыжайларды салу жөніндегі тапсырмасын орындау үшін облыста инвестиция көлемі 80 млрд теңгеден асатын 27 жоба іске асырылып жатыр. Оның ішінде қос фабрикалары, қой фермалары, көкөніс қоймасы, жылыжайлар және суару шара-құрылыстары бар. Осының арқасында өңір халқының қос өтіне (16,5 мың тонна), маусымаралық кезеңде көкөністерге (3 мың тонна) қажеттілігі 100 пайызға қамтамасыз етіледі. Олармен қоса сүт өндірісі ұлғаяды (45,5 мың тоннаға).

«EMC-Агро» шошқа кешенін 200 мың басқа дейін кеңейту жобасын жүзеге асырып жатыр», деді ол.

Өнеркәсіпте 2026 жылға дейінгі 469 млрд теңгені құрайтын 39 инвестжоба іске асып жатыр. Нәтижесінде, 6 мың жұмыс орны құрылады екен. Биыл 15 жоба жүзеге асып, 1 мың жұмыс орны ашылған. Май экстракциялау зауыты, Германияның «Рейманн» компаниясының тіркеме ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын кәсіпорын, жем зауыты мен диірмен кешені, көпір жабдықтарын шығаратын, сондай-ақ ағашты озық өңдеу зауыты салынып жатқан көрінеді. Келесі жылы кондитерлік өнімдер шығару жобасы басталады. Биыл облыста 300 мың шаршы метр баспана салып бітіру жоспарланған. 24 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріледі. Келесі жылы 26 үй бой көтереді.

«Осы жылы облыста 770 км жол жөнделді. 47 ауылдың көшелерін жөндеуге 8,1 млрд теңге бөлінді. Облыс орталығында ұзындығы 58 шақырымды құрайтын 47 көше жөнделіп, оған 8,2 млрд теңге бағытталды. Теміржолдар арқылы өтетін көпірдің құрылысы басталды. Сумен қамтуда қаржыландыру 1,9 есеге өсті. Жұмыс облыстағы 58 ауылда жүргізілді. Орталықтандырылмаған ауылдарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету аясында 25 елді мекенге жаңа нысандар салынып, 149-на кешенді блоктық модульдер орнатылады. Ал топтық су құбыры жобалары арқылы 46 ауылға су жеткізіледі», деді Ғ.Нұрмұхамбетов.

Білім беру саласында материалдық-техникалық база 4,4 млрд теңгеге жаңартылған. Мектептерге 55 пән кабинеті және 29 мектеп автобусы сатып алыныпты. 48 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізілген. Апатты жағдайдағы мектептердің орнына 2 мектептің құрылысы салынып біткен. Сондай-ақ тағы бір ауыл мектебін салу жоспарланып отыр.

«Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен 300 орындық түзету мектебі, 50 орындық мектеп-интернаты салынып жатыр. Оқушыларға орын тапшылығын азайту үшін тағы 900 орындық 2 ауылдық мектеп салуды жоспарлап қойдық. 3 жыл ішінде Петропавлда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2 700 орындық 4 мектеп салынады. Петропавлда 420 орынға арналған 2 балабақшаның құрылысы басталғалы тұр. Бұлар балалардың 95 пайызын мектепке дейінгі біліммен қамтуға мүмкіндік береді», деді ол.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста 46 медициналық мекеменің құрылысы жоспарланған. Оның ішінде 5 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік пункт және 1 медпунктің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады. Қалған 38 нысанның құрылысы келесі жылы басталады. Петропавлда екі емхананың құрылысы мересіне жетсе, Уәлиханов ауданында емхана бой көтеріп келеді. Жалпы, ауруханалардағы медициналық жабдықтарды жаңартуға 5,2 млрд теңге бөлінген.

«Спорт саласында 5 денешынықтыру-сауықтыру кешенінің, 4 жабық хоккей қорты мен спортзалы бар жабық бассейнді құрылысы жүргізіліп жатыр. Олимпиадалық резерв интернат колледжі үшін 244 орындық жатақхананың құрылысы аяқталуға жақын. Сондай-ақ үстел теннисі орталығы мен мұз айдыны салынады. Биыл 6 мәдени нысанды салу және жаңарту жұмыстары жүріп жатыр. 13 мәдени нысанды күрделі жөндеуден өткізуге 1 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. 2024-2027 жылдарға арналған «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 304 ауылды талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосу жоспарланған еді. Оған қол жеткізеріміз анық болып қалды. Сондай-ақ 170 мектеп «Старлики» спутниктік интернет желісіне қосылады», деді облыс әкімі.

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ.

МАҒЖАНДЫҚ ВОЛОНТЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



5 желтоқсан - Волонтерлер күні. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылы жасаған ұсынысымен жыл сайын 5 желтоқсан күні атап өтіледі. Бұл күнді экономикалық және әлеуметтік дамуға көмек көрсетуші еріктілердің халықаралық күні деп те атауға болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды Волонтер жылы деп жариялап, «Еріктілер - өзгенің мәселесін өз ісіндей көретін жүрегі кең, ниеті дұрыс жандар», - деп тамаша баға берді.

Халықаралық еріктілер күнін мереке-леуге орай, аудандық Мәдениет үйінде ауданымыздың ең белсенді еріктілеріне құрмет көрсету мақсатында іс-шара ұйымдастырылды. Еріктілердің жұмысы

еліміздің дамуына баға жетпес үлес қосып отырғаны сөзсіз. Жиналған волонтерлерді ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова құттықтап, сөз сөйледі.

Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық волонтер күнімен құттықтады. Өз сөзінде ол «Бүгін - Халықаралық волонтер күні. Біз өзгеге қол ұшын беретін жандарды әрдайым құрметтейміз. Еріктілер мейірімділік пен сүйіспеншіліктің, тілектестік пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келеді. «Адал азамат» тұжырымдамасының тірегі - осы мызғымас қандылықтар», - деп жазды Президент.

Иә, Сіздердің әрқайсыңыздың қоғам

өмірінің барлық салаларына қосқан үлестеріңіз күн сайын артып келеді! Сіздер барлығымыз үшін жақсы және қауіпсіз болашақ құру үшін көмек пен қолдау көрсетесіз. Сіздермен бір пікірмен бөліскіміз келеді: «Біз өзіміздің жасаған әрекеттеріміздің барлығы мұхиттағы бір тамшы сияқты сезінеміз. Бірақ мұхит осындай тамшылардан тұрады». Сіздерге баға жетпес еңбектеріңіз бен шынайы мейірімділіктеріңіз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз, - деді Сәуле Еркінқызы.

Сондай-ақ мерекелік іс-шарада күміс еріктілер атынан Тамара Антимимова сөз сөйлеп, қатысушыларға пандемия кезіндегі жұмыс туралы айтып берді. Бұл күні аудан

еріктілерін «Жомарт жүрек» сыйлығының иегері Дәурен Қайшыбеков құттықтап, «Помощь рядом» еріктілер қозғалысының өкілі Гүлсім Қайрат еріктілерімізді игі істер жасауға шақырды. Ал «Добро в село» жобасының жетекшісі Әсемгүл Бекбожина өздерінің еріктілік қызметі туралы айтып, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсеткенін тілге тиек етті.

Іс-шара соңында барлық еріктілер Алғыс хаттармен марапатталып, мәдениет үйінің әншілері дайындаған шағын концертті тамашалады.

Мария ГАЛАЙДИНА,
жастар ресурстық орталығы
директорының м.а.

WORLD SKILLS KAZAKHSTAN 2023 ФОРУМЫ

ВАДИМ - ТОП-5 КІРДІ



Дәстүр бойынша күздің соңында елордамыз - Астана қаласында жастармен колледж студенттері арасында кәсіби шеберлік чемпионатының республикалық кезеңі ұйымдастырылады. Осылайша, 23-27 қараша аралығында жыл сайынғы «WorldSkills Kazakhstan - 2023» форумның алаңдарында еліміздің түкпір-түкпірінен келген түрлі мамандықтағы студенттер үздіктер атағын сарапқа салу үшін бас қосты.

Болашақ педагогтар, аспаздар, тас қалаушылар, автослесарьлар және тағы басқалар ымырасыз күресте Қазақстанның үздік сарапшыларына өздерінің шеберліктері мен таланттарын паш етті.

Біздің колледжіміз облысымызда дәнекерлеу технологиялары мамандарын даярлауда үздік мекеме ретінде Мағжан Жұмабаев ауданының

туын мақтанышпен көтеріп, республикалық деңгейде тағы да Солтүстік Қазақстан облысының намысын қорғау үшін үлкен дайындықпен аттанды. өндірістік оқыту шебері - Родион Леонидович Царегородцев және 3-21 тобының 3-ші курс студенті - Вадим Витковских ең беделді құзыреттердің бірі - дәнекерлеу технологиялары додасында бақ сынады.

Үш күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша 4 күрделі модуль, яғни бұл сайыс әртүрлі дәнекерлеу түрлерін, әртүрлі металдармен жұмыс істеуді қамтыды. Сондықтан қатысушылардан толық берілгендікті, жоғары деңгейлі дағдыларды, білім мен физикалық күштерді қажет етті. Айта кету керек, жарысқа қатысушылардың барлығы бірдей үлкен жүктемені игере алмады. Бірақ біздің

«WorldSkills Kazakhstan» алаңында еліміздің барлық өңірлерінен келген мықты студенттер бәсекеге түсетін дода. Жарыстың былығы басты ерекшелігі ретінде, оған 520 сарапшының қатысуын атап өтуге болады. Қатысушылардың жұмыстары 7 бағыт және 30 құзыреттілік бойынша бағаланады: кірпіш қалау, құрылыс және сылақ жұмыстары, сантехника мен жылыту жұмыстары, графикалық дизайн, дәнекерлеу технологиялары, кондитер, шаптараз ісі, мейрамхана сервис және т.б.

Вадим барлық кезеңдерде көшбасшылар тобында жүріп, орындалған модульдер үшін жоғары баға алды. Ал кейбір жұмыс түрлерінде ол, тіпті, көшбасшы деп танылды.

Төрешілер шешімдерінің қорытындысы бойынша біздің шебер мен студент дуэті «Үздік маман» медаліне ие болып, Қазақстан Республикасы бойынша ТОП-5-ке кірді.

Булаев қаласының кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжі республика бойынша дәнекерлеу технологиялары мамандарын даярлау ісінде көшбасшылар қатарында екенін тағы да бір дәлелдеді. Шебер Родион Царегородцев пен студент Вадим Витковскихті жоғары жетістіктерімен құттықтап, тек сәттілік тілейміз!

Булаев қаласының кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

ӘСКЕРГЕ БАРУ - АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫҢ!

Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеуге әрбір азамат міндетті. Себебі туған жерді, елді, атамекенді қорғау - қасиетті борыш. Бұл дегеніміз - батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Қашанда халықтың ұлы болу - әрбір азаматтың биік арманы. Әсіресе Отан алдындағы борышын өтеп, әскер қатарына қосылу - нағыз азаматтықтың белгісі, қайсарлықтың көрінісі. Мұны әрбір жас жете біліп, санасына сіңіріп өсуге тиіс.

Булаев қаласының тумасы Руслан Құдайбергенов нағыз әр азамат болып қалыптасқысы келетін жігіттер әскерге баруға тиіс екенін айтады. Ол Астана жоғары медицина колледжінде оқып жүріп, 2-ші курста өз еркімен әскер қатарына аттанған азамат. Ол Отар ауылындағы 21450 әскери бөліміне түсіп, жоғары жауынгерлік даярлықтан өткен сарбаз. 2002 жылы 22 қаңтарда Булаев қаласында дүниеге келген Руслан Азаматұлы ЖӘҰМ-2 (жауа әскердің ұрыс машинасы) көздеуші операторы лауазымын атқарып, өзін жауапты әрі салмақты сарбаз екенін таныта білді.

Әр азамат Отан алдындағы борышын өтеуі қажет. Мен өз еркімен әскер қатарына бардым. Әскерден кейін оқуымды аяқтап, жоғары оқу орнына түсу ниетім бар. Жалпы әскерге барған адам тәртіпке үйренеді. Сондықтан әскер ең алдымен ішкі тәртіпті қалыптастырып, жауапкершілік жүгін арқалай білуге баулиды. Әскерде қарапайым өмірдің қадірін түсінесің. Демалыс күндері ұялы



телефонды алып, жақындарымен аз уақыттың ішінде бар жаңалық, қызықтармен бөлісіп, әңгіме-дүкен құрғанның өзі қандай бақыт екенін сезіндіреді. Ақпарат жедел тарайтын қоғамда біз дұрыс та, бұрыс та пікір естиміз. Дегенмен, шынтауайтына келгенде тек көзбен көрген нәрсеге ғана сену керек. Мемлекет азаматтардың Отан алдындағы борышын өтеу үшін барлық қолайлы жағдай жасап отыр. Сондықтан жерлестерімді әскерге аттанып, Қорғаныс министрлігі ұйымдастырып отырған жеңілдіктерді кеңінен пайдалануға шақырамын. Себебі, әскерге бару - азаматтық парыз деп санаймын, - дейді әскери борышын өтеп келген жас сарбаз Руслан Құдайбергенов. Ақпарат үшін айта кететін болсақ, білім сертификаттармен мерзімді әскери қызметтен өткен сарбаздар екі жыл ішінде ҰБТ тапсырмай-ақ жоғары оқу орнына түсе алады. Бұл сарбаздар сондай-ақ өзі таңдаған оқу орнындағы әскери кафедраға емтихансыз қабылданады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



Дүйсенбі, 11 желтоқсан	Сейсенбі, 12 желтоқсан	Сәрсенбі, 13 желтоқсан	Бейсенбі, 14 желтоқсан	Жұма, 15 желтоқсан	Сенбі, 16 желтоқсан	Жексенбі, 17 желтоқсан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 04.20 ЖӘДІГЕР. 06.30, 04.55 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 01.10 AQPARAT. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30, 04.40 ОТАНДЫҚ BRAND. 14.45 AQORDA. 15.15 APТА. 16.05, 03.40 BIZBEN BİRGE. 17.00, 00.10 ASHYQ ALAŇ. 21.25 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.25 1001 ТҮН. 23.25 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.40 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 04.55 AQPARAT. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 КИЕЛІ QAZAQSTAN. 15.15 HAPTOEYKEL. 16.10 BIZBEN BİRGE. 17.00, 03.55 ASHYQ ALAŇ. 21.25 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.25 1001 ТҮН. 23.25, 01.40 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 23.35, 01.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 04.55 AQPARAT. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 КИЕЛІ QAZAQSTAN. 15.15 HAPTOEYKEL. 16.10 BIZBEN BİRGE. 17.00, 03.55 ASHYQ ALAŇ. 21.25 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.25 1001 ТҮН. 23.25, 01.40 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 23.35, 01.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 04.55 AQPARAT. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 Д/Ф. 15.15 БІРЕГЕЙ. 16.05 BIZBEN BİRGE. 17.00, 03.55 ASHYQ ALAŇ. 21.25 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.25 1001 ТҮН. 23.25, 01.40 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 23.35, 01.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 01.35 AQPARAT. 07.00 TÄNŞHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 20.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 13.30, 03.20 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ӨЗЕКТІ. 15.15, 04.50 MERGENDER MEKENI. 16.10, 04.10 BIZBEN BİRGE. 17.00, 00.35 ASHYQ ALAŇ. 21.25 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 22.25 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 02.05 «ҮМІТІНДІ ҮЗБЕ», Х/Ф.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 05.05 КИЕЛІ QAZAQSTAN. 06.30, 04.35 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 М/Ф «КҮЛТЕГІН». 08.35, 03.30 «АЗАТТЫҚ ТАҢЫ АТҚАНДА». 09.00, 02.30 «АЗАТТЫҚТЫҢ АСҚАҚ ӨНІ». 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 20.00, 23.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 14.40, 00.30 Т/Х «ҚОРҚЫТ». 17.00 КОНЦЕРТ. 22.30 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. БАЛАЛАР». 23.30 ҚОҢЛАШАР. 03.55 БІРЕГЕЙ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 КИЕЛІ QAZAQSTAN. 06.25, 04.40 КҮМІС КӨМЕЙ. 06.55, 03.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «БІЗДІҢ СУЙІКТІ ДӘРІГЕР», Х/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 14.40, 00.30 Т/Х «ҚОРҚЫТ». 16.55 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 20.00, 02.30 APТА. 20.50, 03.20 AQORDA. 21.00 III. ҚАЛДЫАҚОВТЫҢ ӨНІ КЕШІ. 23.30 ҚОҢЛАШАР. 05.10 АУЫЛДАСТАР.

Дүйсенбі, 11 желтоқсан	Сейсенбі, 12 желтоқсан	Сәрсенбі, 13 желтоқсан	Бейсенбі, 14 желтоқсан	Жұма, 15 желтоқсан	Сенбі, 16 желтоқсан	Жексенбі, 17 желтоқсан
---------------------------	---------------------------	---------------------------	---------------------------	-----------------------	------------------------	---------------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 МЕҒАХИТ. «ЗАТЕРЯННЫЕ ВО ЛЬДАХ». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕКТЕП. 10.25 ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ. АГРОФЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ. 10.35 М/Ф. 11.50 М/Ф. «БАРБОСКИНЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРПІ ЖҮРЕК». 14.00 АЙНАLINE. 15.00 Т/Х «СОНҒЫ ҮМІТ-2». 16.00, 23.30 Т/С «БЕЗ ТЕБЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 Т/Х «ҚИМЫЛДАМА». 22.30 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/С «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 07.00 ОЯН. 10.00 ШКОЛА. 10.30 М/Ф. 11.40 М/Ф «БАРБОСКИНЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРПІ ЖҮРЕК». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «ҚИМЫЛДАМА». 16.00, 23.30 Т/С «БЕЗ ТЕБЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 22.30 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/С «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.25 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА. ЭНЕРГЕТИКА. 10.35 Д/Ф. 11.05 М/Ф. 11.15 М/Ф «ДЖЕКИ ЧАННЫҢ ЖАҢА ХИКАЯЛАРЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРПІ ЖҮРЕК». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «ҚИМЫЛДАМА». 16.00, 23.30 Т/С «СВИДЕТЕЛЬСТВО О РОЖДЕНИИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 22.30 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/С «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 07.00 ОЯН. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРПІ ЖҮРЕК». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «ҚИМЫЛДАМА». 16.00, 23.30 Т/С «СВИДЕТЕЛЬСТВО О РОЖДЕНИИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 22.30 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/С «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРПІ ЖҮРЕК». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «ҚИМЫЛДАМА». 16.00 Т/С «СВИДЕТЕЛЬ- СТВО О РОЖДЕНИИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 22.45 «АНТИТЕЛА», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 KIM МЫҚТЫ? 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 САРБАЗ. 09.30 ДҮДҮДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 10.00 МЕҒАХИТ. «АНТИТЕЛА». 12.00 М/Ф. 13.30 «ДОМЫРА МЕКТЕПТЕРІ». 14.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 16.00 Т/Х «ҮКІМ». 17.45 АСЫЛ ДОМЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.40 Д/Ф. 00.00 ХАБАР СПОРТ. 00.40 ӨКЕ БАҚЫТЫ.	05.00 KIM МЫҚТЫ? 07.00, 12.00 КОНЦЕРТ. 08.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.00 ОЯНҒАН ӨЛКЕ. 10.00 М/Ф. 11.20 Д/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00 Т/Х «ҮКІМ». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 «ДОКУМЕН- ТАЛЬНЫЙ ФИЛЬМ КО ДНЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РК». 22.50 МЕҒАХИТ. «РЫЦАРЬ ДНЯ». 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Дүйсенбі, 11 желтоқсан	Сейсенбі, 12 желтоқсан	Сәрсенбі, 13 желтоқсан	Бейсенбі, 14 желтоқсан	Жұма, 15 желтоқсан	Сенбі, 16 желтоқсан	Жексенбі, 17 желтоқсан
---------------------------	---------------------------	---------------------------	---------------------------	-----------------------	------------------------	---------------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 04.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «СПАСИТЕ КОЛЮ». 14.00, 02.20 НОВОСТИ. 14.15, 02.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.50 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «УСЛОВНЫЙ МЕНТ-3». 00.40 Т/С «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ».	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 04.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.40 Т/С «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ». 14.00, 02.20 НОВОСТИ. 14.15, 02.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.50 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «УСЛОВНЫЙ МЕНТ-3».	06.00, 03.55 ТАМАША CITY. 07.00, 03.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.40 Т/С «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ». 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.00 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «УСЛОВНЫЙ МЕНТ-3».	06.00, 03.55 ТАМАША CITY. 07.00, 03.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.40 Т/С «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ». 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.00 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «УСЛОВНЫЙ МЕНТ-3».	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 03.30 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00 Т/С «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 22.05 Т/С «ПЕРЕЛЕТНЫЕ ПТИЦЫ».	06.00, 02.30 ТАМАША CITY. 07.55, 01.45 «П@УТИНА». 08.50 ПОЕХАЛИ! 09.50 «ЭКСКЛЮЗИВ». 10.45 «ЛЮБОВЬ В СССР», Х/Ф. 12.40 «НАШЕ ВСЕ», Д/Ф. 13.05 «НИЩЕЙКА», Х/Ф. 17.15 DASTARXAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «X FACTOR». 20.05 «НАСТУПИЛ РАССВЕТ», Х/Ф. 23.50 «ФАНТАСТИКА. СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ».	06.00, 03.00 ТАМАША CITY. 08.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.10, 02.15 «П@УТИНА». 09.00 БЕЙКУНО. 11.00 ҚАЙМАҚ. 11.35 «КРЕПОСТЬ БАДАБЕР», Х/Ф. 15.45 X FACTOR. 16.45 ӨГУТАЙ. 18.00 «ПАЛЫМА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «БАБОЧКИ И ПТИЦЫ», Х/Ф. 00.40 «ПЕРЕПОЙ ЗВЕЗДУ».

«Жаңбыр жаумаса жер жетім,
Басшысы болмаса ел жетім.
Ұқпасқа айтқан сөз жетім,
Көре алмаған көз жетім».

ТӨЛЕ БИ.



БАЙҚАУ

«БАЛА МҰҚАН» ТУРНИРИНЕН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ



Қараша айының 23-27-ші жұлдызы аралығында Астана қаласында 2012-2014 және 2009-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында «Бала Мұқан» ашық турнирі өтіп, оған 367-ге жуық жас балуан қатысты. Аталмыш додаға БЖСМ қазақ күресі бойынша жаттықтырушы-оқытушысы Амангелді Бәкіровтың

тәрбиеленушілері де бақ сынады. екі күнге созылған турнирдің қорытындысы бойынша мажандық жас балуандар боз кілемде намысқа тырысып, жүлделі орындарға ие болды. Мәселен, Қалдыбек Райымбек 42 кг салмақта 3-ші орын жеңіп алса, Әміржан Даниал 35 кг салмақта 2-ші орыннан көрінді, ал Айлов

Жарас және Сәрсенбай Айдын 38 кг салмақта жарыстың қола жүлдегері атанды. Жаттықтырушы мен оның тәрбиеленушілерін құттықтап, алдағы жарыстарда жеңіс тілейміз.

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
БЖСМ басшысы.

КӘСІПКЕРЛІК

ӨЗ ІСІН АШТЫ



Жастарға шағын несие беру бағдарламасы 21 жастан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Ағымдағы жылы осы бағдарлама бойынша Мағжан Жұмабаев ауданында 12 адам несие алды.

Әлия Темірханова да бұл мүмкіндікті жіберіп алған жоқ. Әлия Амангелдіқызы Булаев қаласында тұрады, екі бала тәрбиелеп отыр. Медициналық

білімі бар ол өз ісімен айналысуға шешім қабылдады. Аграрлық несие корпорациясына өтініш беріп, несие алғаннан кейін лазерлік эпиляция аппаратын сатып алды. Қазіргі уақытта лазерлік эпиляция салонын ашқан Әлия өзінің бизнес-жобасын сәтті жүзеге асыруда.

Мағжан Жұмабаев ауданының
мансаптық орталығы.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӨЗІҢНІҢ МӘМС МӘРТЕБЕНДІ ТЕКСЕР!

Алдағы 12 айға жасалған төлемдер мен мәртебені Халық банкінің қосымшасы арқылы тексеруге болады. Ол үшін Halyk мобильді қосымшасын орнатып, авторизациядан өтіп, «Мемлекеттік қызметтер» бөлімін таңдап, ізінше «МӘМС» бөлімшесінде ЖСН жазу керек. Halyk арқылы медициналық ұйымға тіркелгені туралы ақпарат қолжетімді. «Мемлекеттік қызметтерге» кіріп, «Анықтамалар» батырмасын басқан кезде тұрғылықты мекенжайы, емхананың атауы, тіркелген күні көрініп тұрады.

Алдағы 12 айға жасалған төлемдер мен мәртебені Центр-Кредит Банкінің қосымшасы арқылы да білуге болады. ВСС. KZ мобильді қосымшасын орнатқаннан кейін, авторизациядан өтіп, «Мемлекеттік қызметтер» бөлімін таңдап, ізінше «МӘМС туралы ақпарат»



бөлімшесінде ЖСН жазу қажет. Сондай-ақ Kaspi.kz мобильді қосымшасын орнатып, Kaspi Bank қосымшасында сақтандырылған мәртебесін тексеруге болады. Авторизациядан өткеннен кейін «Мемлекеттік қызметтер» бөліміне кіріп, ары қарай «МӘМС мәртебесін» таңдау керек. Соңғы 12 ай ішінде төленбеген кезеңдер болса, оларды банк қосымшаларында телеуге болады. Төлемдер тексерілгеннен кейін «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі беріледі.

АКЦИЯ

«ЗОРЛЫҚ-ЗОМБИЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮН»



25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы өткізілуде, акцияның мақсаты тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу және онымен күресу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы халықты ақпараттандыру, ана мен баланы қорғау.

Акция аясында көмекетке толмағандар істері жөніндегі аға уәскелік полиция инспекторы,

полиция майоры Нұрбол Байманов, аға уәскелік полиция инспекторы, полиция подполковнигі Сергей Иванченко, аудандық білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық жөніндегі бас маманы Талғат Қарабаев бірлесіп, қиын жағдайға тап болған отбасыларды тұрғылықты мекен жайлары бойынша тексерді.

Тексеріс кезінде балалардың тұру жағдайларына, сондай-ақ балалар және ата-аналар арасындағы қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлініп,

жәбірленушілерге қатысты зорлық-зомбылық қолданылған жағдайда зардап шеккендердің іс-қимыл алгоритмі туралы, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық саладағы құқықбұзушыларға қабылданып жатқан шараларды түсіндірді. Осы бағыттағы жұмыс құқыққорғаушылар тарапынан ерекше бақылауға алынған және тұрақты негізде жалғастырылатын болады.

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.

2023 ЖЫЛҒЫ ОРМАН-МӘДЕНИ ЖҰМЫСТАР

2023 жылғы өндірістік жоспарға сәйкес «Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі бойынша 400 гектар алқапқа орман дақылдарын отырғызу және 120,3 гектар алқапқа өндірістің өткен жылдарындағы орман дақылдарын толықтыру жоспарланған болатын.

2023 жылы «Булаев орман шаруашылығы» КММ-нде ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізу үшін уақытша тәлімбақта 1278,9 мың түп қайың және 32,0 мың түп қарағай көшеттерін қазу және сұрыптау жұмыстары жүргізілді. Көктемгі орман шаруашылығы жұмыстары кезінде отырғызу материалын келтіруден сақтау үшін қарулы бұршақтар ұйымдастырылды, ал күзгі орман шаруашылығы жұмыстары

кезінде көшеттердің тамырларын 30 см тереңдікке дейін жердегі орға қазу жұмыстары жүргізілді.

Көктемгі және күзгі орман-мәдени жұмыстары кезеңінде «Булаев орман шаруашылығы» КММ мемлекеттік орман күзеті 315,6 гектар алқапта, 1153,9 мың түп салбыраған қайың көшеттерін, 4,0 гектар алқапта 32,0 мың түп көдімгі қарағай көшеттерін отырғызу материалын жұмсай отырып, өлі екпелердің орнына орман дақылдарын отырғызу жүргізілді.

Көктемгі орман-мәдени жұмыстар кезеңінде 125,0 мың түп көшет отырғызу материалын жұмсай отырып, 120,3 га алқапта өндірістің өткен жылдарындағы орман дақылдарын толықтыру

жүргізілді.

Күзгі орман-мәдени жұмыстары кезінде ұзақмерзімді орман пайдаланушы «Базилик» ЖШС 70,0 мың түп көшет отырғызу материалын жұмсай отырып, 14 га алаңда орман дақылдарын отырғызу жұмыстарын жүргізді.

Осы жылы Мағжан Жұмабаев ауданының мемлекеттік орман қорының аумағына 333,3 га алқапқа 1380,9 мың түп көшет отырғызылды және 120,3 га алқапқа өндірістің өткен жылдарындағы орман дақылдарын толықтыру үшін 125,0 мың түп көшет отырғызылды.

Георгий СЕРЕБРЕННИКОВ, «Булаев орман шаруашылығы» КММ орманды молайту және ағаш өсіру инженері.



Директор - бас редактор
Нели ГОПЧАР

Газеттің мәнік нелі:
«Газета «Весті» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldzizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan zhuldyzy» газеті редакцияда теріліп беттелді.
«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Коммунал қ-сі, 5 үй).
Таралымы - 555

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәнігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады